

«Жас дәурен» бөбекжай-бақшасы»

«Айгөлек» ортаңғы тобында өткізілген мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы:

«Аяулы анашым»

Өткізген тәрбиеші:3.Копжасарова

2024-2025 оқу жыл

Мақсаты:

8 Наурыз –Аналар мерекесіне орай ұйымдастырылатын іс-шаралар арқылы бүлдіршіндерді шығармашылыққа баулу,сұлулықты сезіне білуге,мейрімділікке, үлкенді құрметтеуге , ана еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.

Балалар залға қол ұстасып, жұптасып әдемі әуенде кіреді

Тәрбиеші:

- Қымбатты аналар, қонақтар, «Айгөлек» ортаңғы тобының «Аяулы анашым» атты мерекелік ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

Бүгін наурыздың 8 – і

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі

Сіздерді көктем айының алғашқы мерекесі 8 наурыз – аналар күнімен құттықтаймыз! Әрқашан дендеріңіз сау, көңілдеріңіз жайдарлы бола берсін!

Тәрбиеші:

- Балалар, қараңдаршы, айнала қандай әдемі , қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар:

- Көктем мезгілі.

Тәрбиеші:

- Дұрыс балалар, көктем мезгілі.

-Ал далада қар бар ма?

-Қар еріп, неге айналып жатыр?

-Ия, суға айналып жатыр.

- Ал көктем мезгілінің алғашқы мерекесі қалай аталады?

-Әрине, әжелер, аналар, қыздар мерекесі.

Жүргізуші:

- Балалар қар еріп, құстар ән салып, алғашқы гүлдер шығуда. Адамдарға қуаныш сыйлайтын сиқыршы көктем. Олай болса мерекеге көктемді шақырайық.

(ортаға ару көктем кіреді)

Ару көктем:

-Саламатсыздар ма, балалар! Менімен бірге күн жылынып, айнала сұлуланып нұрланып тұр

Сәлем, сәлем, балақайлар,

Қуаныңдар алақайлап.

Құстар әнін ала келдім,

Жерге кілем жаба келдім.

Жан бітіріп табиғатқа,

Гүлдерімді ала келдім.

(себеттегі гүлдерін көрсетеді)

Барлықтарыңызды мерекелеріңізбен құттықтаймын. Денсаулық, қуаныш, сұлулық тілеймін.

Жүргізуші:

- Сиқыршы көктем, біздің шақыруымызды қабыл алып мерекемізге келгеніңізге рахмет.

Көктем:

-Мен қалай келмеймін. Бүгін сондай керемет күн- әжелер мен аналар және қыздар мерекесі.

Балалар, мен сендердің әже, аналарыңның мерекесімен құттықтағым келеді және сендердің өнерлеріңді көргім келеді

Жүргізуші:

- Әрине біздің балалар шеттерінен өнерлі.

Тәрбиеші:

Той пердесін ашайық,

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп,

Ән маржанын шашайық.

Хор: «Аяулы анашым»

Тәрбиеші:

— «Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры тастай мұзды да жібітеді»- демекші, балаларымыздың әжелеріне, аналарына арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар!

1.Айлин:

Анам болса қасымда
Басқа бақыт не керек.
Анашымның жүрегі,
Мейірімді зой керемет

2.Айсезім:

Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар,
Құттықтаймын мерекеңмен,
Құрметті Аналар!

3.Диас:

Наурыздың сегізі,
Сұлулықтың негізі.
Әдемі сөз баланың,
Анаға айтар лебізі.

4.Жәдігер:

Аналарды сүйеміз
Ақылын ойға түземіз
Әжені де ардақтап
Әдеппен бас иеміз.

5.Ясин:

Құшағыңа кіргенде,
Жылынамын бір демде.
Не жетеді көзіңе,
Мейірімді күннен де.

6.Айзере:

Үн қатасың бал тілмен,
Еркелеймін әр күн мен.
Құттықтаймын анашым,
Сегізінші наурызбен!

7.Мерейлім:

Мәпелейсің мені анам,
Қолыңдағы құсыңдай.
Құлтыра өсіп дем алам,
Құшағыңда қысылмай.

8.Қызғалдақ:

Біліп тұрсың жан анам,
Міндеті үлкен ботаңның.
Күтері көп баладан,
Ана менен Отанның!

9.Айым:

Әжемдей данадан,
Ертекке қанамын,
Шақырса даладан,
Жүгіріп барамын.

10.Кәусар:

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

11.Омар:

Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегіңді ақтаймын
Аман болшы анашым

12.Ляйсан:

Менің әжем, бұл әже
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әже
Менің әжем, гүл әжем
Алтын әжем, күн әжем
Анам үшін мен үшін
Нағыз ана тілі әжем.

13.Көзайым:

Мен тәртіпті баламын,
Айтқан тілді аламын
Анам жұмысқа кеткенде,
Үйде ойнап қаламын.

14.Аяна:

Бізді өсірген анашым,
Еңбегіңіз зор екен.
Құтты болсын анашым,
Құтты болсын мерекең

15.Ғани:

Менің әжем әлі де
Ұқсамайды кәріге.
Шай қайнатып береді,
Қажет болса бәріне.
Базарға өзі барады,
Бәрін сатып алады.
Суды Сырым әкелсе,
Жүсіп отын жарады.
Жұмсайды әжем мені де,
Тауыққа жем беруге.
Ауырады кей кезде,
Аяғы да белі де.
Біз дәрісін табамыз,
Қамқорлыққа аламыз.

*Әжемiздi өзiмiз,
Емдеп-емдеп аламыз.*

16. Аяла:

*Ақ сүт берген балаңа
Күш - жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған*

17. Абдурахман:

*Көктем келді жадырап
Күн нұрымен таласып,
Жайнай берші жарқырап
Жаны жайсаң аналар!*

Ән: «Әжесетайым»

(жеке дауыста Рәшид Аяла)

Ән: «Ай дидарлы анашым»

(Жамбыл Аяна мен Жамбыл Көзайым)

Көктем:

*- Қандай керемет балалар!. Көп - көп рахмет балалар, сендерге. Мен сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр, ойынның аты «Анама көмектесемін» ол үшін ортаға екі ұл шыға қойыңдар
(Осы кезде көктемнің телефоны шырылдайды)*

Көктем:

-Ия, не сұрақ, жапырақтар шықпай жатыр ма? Кірпілер де оянбай жатыр ма? Оларға көмектесу керек. Қазір ұшып келемін. Мінекей, балалар, менің басқа да жұмыстарым бар, маған кету керек. Бірақ мен сендерге босқа келмедім. Мен сендерге сиқырлы кітап тарту етемін. Міне ол. Аналарыңмен бірге оқыңдар. Сау болыңдар.

Тәрбиеші:

-Сау болыңыз ару көктем, балалар ару көктеммен қоштасайық.

-Ендеше балалар, ару көктемнің ойнатуға үлгере алмай кеткен ойынын ойнаймыз ба?

Ойынның аты «Анама көмектесемін»

Келесі ойынның аты: «Кім жылдам?»

(ойынды ойнатады)

Би «Көктем вальсі»

Тәрбиеші:

Мерекені қарсы алып,

Мәз болғанда барша жұрт,

Гүл ұсынып қыздарға,

Сыйлық бердім мен өзім — дей отырып қыздарға арналған сыйлығымызды табыс етуге рұқсат етіңіздер.

(Ұлдар қыздарға сыйлықтарын табыс етеді)

Бәріміздің де анамыз бар, әжеміз, әпкеміз бар, қарындастарымыз бар.

Жылына бір рет келетін осы аналар мейрамында аналарымызға қандай сыйлық жасасақ та жарасымды. Өйткені, бізді өмірге алып келген, бізге

әлемнің жарығын сыйлаған — анамыз емес пе? Олай болса, әр баланың өзі дайындаған аналарына сыйлықтары бар екен, соны табыс етсін!

Аналар, қалқып бақыт аралында,

Лайым мұң қонбасын жанарыңа

Осымен кешімізді аяқтайық

Гүл бітсін бәріңіздің қадамыңа – дей отырып бүгінгі «Ардақтайық ананы» атты ертеңгілігіміз аяқтаймыз. Ардақты аналар, мейрамдарыңыз құтты болсын! Сау саламатта болыңыздар!

Балалар хормен: «Анамызға мың алғыс, баршаңызға мың алғыс!»





